

Аягөз ауданы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) үшін 2024 жылға туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы

Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 12/213-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 сәуірде № 273-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33110 болып тіркелген) сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аягөз ауданы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) үшін хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болатын әрбір тәулік үшін алынатын туристік жарна мөлшерлемелері 2024 жылға 0 (нөл) пайыз көлемінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз аудандық мәслихат төрағасы

А. Ибрайшин